

Таратуға ұсынылған мемлекеттік кәсіпорындарды, мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерін іріктеудің тәртібі туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 12 мамыр N 652

Меншік иесі, пайды иеленуші немесе кәсіпорынның акция пакетін ұстаушы ретіндегі мемлекеттің инициативасы бойынша қаржы экономикалық сауығу перспективасы жоқ, төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарды тарату жөніндегі шараларды тиімді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Таратуға ұсынылған мемлекеттік кәсіпорындарды, мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерін іріктеудің тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Облыстардың, Алматы қаласының әкімдері бір ай мерзімде дәрменсіз кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі облыстық комиссиялар құрсын.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі дәрменсіз кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі облыстық комиссиялар туралы ережені бекітсін.

4. Дәрменсіз кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі облыстық комиссиялар есеп берілетін тоқсанның екінші айының 20-сынан кешіктірмей тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне олар бекіткен нысан бойынша төлем жасауға қабілетсіз мемлекеттік кәсіпорындар, мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестер жөнінде ақпарат табыс етсін.

Ескерту. 4-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.

11.16. N 1550 қаулысымен. P951550_

5. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі бір апта мерзімде таратылуға жататын мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестерінің қызметкерлерін жұмысқа қамтудың проблемаларын шешу жөнінде ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 12 мамырдағы
N 652 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Таратуға ұсынылған мемлекеттік кәсіпорындарды
мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерін
іріктеудің тәртібі туралы
Е Р Е Ж Е

1. Осы Ереже төлем жасауға қабілетсіз әрі қаржы-экономикалық сауығу перспективасы жоқ кәсіпорындарды оларды кейіннен мемлекеттік акцияны ұстаушы меншік иесі ретінде мемлекеттің инициативасы бойынша іріктеудің тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

Ереже 25 проценттен артық акцияны ұстаушы ретінде мемлекеттік кәсіпорындарға, шаруашылық серіктестіктеріне таратылады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің жанындағы Кәсіпорындарды қайта құру жөніндегі агенттік (мұнан әрі - Агенттік) дәрменсіз кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі облыстық комиссиялардан, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Бас мемлекеттік салық инспекциясынан, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның аумақтық органдарынан, министрліктер мен ведомстволардан және басқа заңды тұлғалардан алынған мәліметтер негізінде республиканың төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындарының саны туралы ақпаратты жинайды және қорытады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.
N 1031 қаулысымен. P961031_

3. Дәрменсіз кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі облыстық комиссиялар (мұнан әрі - Комиссиялар) қаржы-экономикалық сауығу перспективасы жоқ және төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындардың тізімін тоқсан сайын түзеді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Бас мемлекеттік салық инспекциясы органдарының бюджетке төлемнің үш айдан астам мерзімге кідіруі туралы хабарлауы, Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті органдарының еңбекке ақы төлеу жөніндегі төлемдердің үш айдан астам мерзімге кідіруі туралы хабарлауы, басқа да мемлекеттік органдардың, банктердің, кәсіпорынға берушілер мен кредиторлардың хабарлары кәсіпорынның

төлем қабілетсіздігінің сыртқы белгілері болып табылады.

Комиссия алынған ақпараттың негізінде кәсіпорыннан өткен тоқсандық бухгалтерлік балансты, туындау себептері ажыратып көрсетілген дебиторлық және кредиторлық берешектерді, кәсіпорынның жай-күйі туралы анықтаманы сұратып алады.

Комиссия кәсіпорынның қаржы-экономикалық қызметі туралы алынған мәліметтерді жинақтайды және оларды Агенттіктің қарауына ұсынады.

Ұсынылған материалдарда төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорынның Агенттік белгілеген күнгі бухгалтерлік баланстары, дебиторлық және кредиторлық берешектің түрлері мен мерзімдері бойынша ажыратып көрсетілуі, берешектің пайда болу себептері бөліп көрсетілген кәсіпорынның қаржы-экономикалық жай-күйі туралы анықтама болуға тиіс. Кәсіпорынның бухгалтерлік баланстарын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бас мемлекеттік салық инспекциясының органдары растауы керек.

4. Агенттік түрлі көздерден алынған мәліметтерді жинақтайды, әрі салыстырып тексереді және Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі бекітетін кәсіпорын балансының құрылымын бағалау тәртібінің негізінде қанағаттанғысыз баланс құрылымы бар, әрі төлем жасауға қабілетсіз кәсіпорындардың тізімін қалыптастырады.

Төлем жасауға қабылетсіз кәсіпорындардың тізімі негізінде Агенттік Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, салалық министрліктермен, облыстардың әкімдерімен келісе отырып таратуға ұсынылған кәсіпорындардың тізбесін жасайды.

5. Таратылуға ұсынылатын кәсіпорындардың тізбесіне қаржы-экономикалық жай-күйі сауықтыру мен санациялаудың қайсыбір нысандарының мақсатты еместігі немесе мүмкін еместігі алдын ала айқындалған, төлем жасауға қабылетсіз кәсіпорындар енгізіледі. Олардың технологиялық және қаржы-экономикалық жай-күйін айқындайтын фактолар ұзақ мерзімді әрі қайталанбас сипатқа ие. Бұл факторлар кәсіпорынды техникалық қайта жаңарту нәтижесінде жойылмайды, өйткені санацияға, қайта құруға немесе қайта бейімдеуге кеткен шығын осындай жаңа кәсіпорынның құрылысын жүргізуден жоғары болады.

А т а л ғ а н т і з б е г і :

осы Ереженің 3-тармағында айтылған кәсіпорындар, атап айтқанда:
тозығы жеткен әрі моральдық жағынан ескірген жабдықтағы, олардағы өнім өндіруге яки өнімнің техникалық әрі тұтыну параметрлеріне кеткен шығын деңгейі шығынсыз өндіруді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін кәсіпорындар;
түрлі себептермен өз өнімдерін өткізу нарығынан айырылған және оны қалпына келтірудің перспективасы жоқ кәсіпорындар;
әзірленген кен орындарының мүмкіндігі түгесілген, яки өнімнің қымбаттауына

және бағаның қалыптасқан деңгейі жағдайында оның өтпей қалуына алып келетін неғұрлым жұтаң шикізат базасына көшкен өндіруші кәсіпорындар енгізіледі.

6. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен келісе отырып таратуға ұсынылған кәсіпорындардың тізбесін Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Қазақстан Республикасының дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды санациялау және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы" 1994 жылғы 7 қыркүйектегі N 1001 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 37, 410-бап) сәйкес құрылған Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарын санациялау және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қарауына және б е к і т у і н е ұ с ы н а д ы .

Таратуға ұсынылған кәсіпорындардың тізбесін келісу барысында келіспеушілік туындаған жағдайда түпкілікті шешімді Ведомствоаралық комиссия қабылдайды.

7. Қазақстан Республикасының Дәрменсіз кәсіпорындарын санациялау және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссия шешімінің негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 50-бабына сәйкес мемлекеттік кәсіпорынды тарату туралы өкім шығарды.

8. Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарын санациялау және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссия шешімінің негізінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті бір апта мерзімде өкім шығарады және 45 күн ішінде акционерлік қоғамдар акционерлерінің немесе мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктерінің жалпы жиналысын ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті осындай шешім қабылдаудың қажеттігін негіздей отырып, кәсіпорынды тарату туралы ұсынысты акционерлердің жиналысына енгізеді. Мемлекеттің қатысуындағы шаруашылық серіктестіктері 50 проценттен кем акцияны ұстаушы ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті басқа акционерлермен алдын ала жұмыстар жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің ұсынысы мақұлданған жағдайда акционерлер мен серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы кәсіпорында тарату туралы шешім қабылдайды және тарату комиссиясын тағайындайды.

9. Кәсіпорынды тарату туралы шешім қабылданғаннан кейінгі процедуралар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК